

# БАЛУАН





## Алғы сөз


Бұл комикс Қазақстанның ұлы балуаны, Қажұмұқан Мұңайтпасұлының ерлік дәстүрлерін, адалдығын және өз халқына деген шексіз махаббатын бейнелейді. Бұл шығарма үшінші сыныптың әдебиет пәнінен алынған материалға негізделген, ол оқушыларға Қажұмұқанның өмірбаянын және оның батырлық істерін көрсетеді. Комикс арқылы біз Қажұмұқанның күрес жолындағы табандылығын, адамгершілігін және қайсарлығын көрсетеміз. Оның өмірі - бұл тек жеңістер мен жетістіктер ғана емес, сонымен қатар қиындықтар мен сынақтарды жеңе білген нағыз батырдың өмірбаяны.

Бұл комикс әр оқырманға Қажұмұқанның рухын сезінуге, оның ерліктерінен шабыт алуға және өзіндік күш-жігерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қажұмұқанның өмірінен алынған оқиғалар арқылы біз қайраттылық пен адамгершіліктің маңыздылығын түсінеміз. Оның өмірбаяны бізге ерлік пен еңбекқорлықтың үлгісін көрсетеді.

Балуан Қажұмұқанның бейнесі арқылы әр бала өзінің жеке батырлық қасиеттерін таба алады, себебі ол кез келген қиындықтарды жеңе аларлықтай күш пен ерік-жігердің бейнесі болып табылады. Бұл комикс Қажұмұқанның өмірінен шабыт алып, өзіміздің жетістіктерімізге жету жолында қайратты болуға шақырады.



# Кейіпкерлермен танысу



Қажымұқан  
Мұңайтпасов – қазақ  
тарихындағы тұңғыш  
кәсіпқой балуан

## БАЛУАН



ресейлік балуан  
Поддубный



Сар-Кекен  
жапондық балуан





Арада бірер күн өткен соң, кілемге Сар-Кекен (Саракики) дейтін балуан шығып, ажал күресіне түсетінін айтады. Жапондар оны «жию-жицу» дейді екен. Ресей балуандары бұл күрестен бейхабар еді. Сондықтан ешкім белсеніп, ортаға шыға қоймайды. Сар-Кекен болса кілем үстінде жүріп алады. Төреші де қайта-қайта жар салады. Болмаған соң, Қажымұқан тәуекелге бел байлап, ортаға шығады.



–Әу дегеннен Сар-Кекен мысықша қимылдап, балуанды айнала жүреді.





Өзіне беймәлім күрестің сырын бағдарлаймын дегенше, Қажымұқанның бір жақ беті мен ерні жұлынып, қан сорғалайды. Сар-Кекен мысықша атылып, тиген жерін пышақша тіліп, қақ айырады екен.



Екінші рет қоңырау соғылғанда Қажымұқан ашуға булығып, шындап қайратына мінеді. Денесінің ауырғанын елеместен, Сар-Кекенді желкесінен бір қойып қалады. Жапон балуаны жеңіліс табады.





Цирк іші лезде айқай-  
шуға толып, жапондар  
қарсылық көрсете  
бастайды.



Ресейдің он сегіз балуаны ешкімді жолатпай, үркердей  
топтанған күйі цирктен шығып, елшілер үйіне келеді де,  
түнгі пойызбен кері қайтады.





Бәрі қуанышты: бірі Қажымұқанның жарақатын таңып жатса, бірі сусын береді, енді бірі бетін сүртеді.



Бес-алты күннен соң, Петерборға жетіп, Қажымұқан ауруханада емделеді. Оны ең жақсы деген дәрігер қарап, достары да жалғызсыратпай жиі келіп тұрады.



Жол жүрерінде  
Поддубный оған:

– Қажымұқан, қасындағы  
серіктерің – сенімді жігіттер. Бәр  
де алып күштің иесі. Бірақ олар әл  
ысылмаған, жас балуандар.  
Сондықтан үлкен балуан келгенде  
белдесуге өзің шық,

– дейді. Қажымұқан досының осы сөзін есінен шығармайды.



Сайыс Харбин қаласында өтеді. Оған отызға жуық балуан  
жиналып, күш сынасады. Алғашқы күнгі бірер күрестің өзі  
Ресей балуандарының басымдылығын көрсете бастайды.






Қажымұқан Жер шарының жиырма төрт елін аралап, олардың балуандарымен белдескен. Алтыны бар, күмісі бар – барлығы 48 медаль алған. Медальдарын ені бір жарым қарыс қызыл масаты матаға тағып, кеудесін айналдыра асынып алатын болған.



Ол 1905 жылы Қытай еліне барады. Бұл сапарға Ресейден он сегіз балуан қосылған еді. Құрамында Поддубный болмайды. Қажымұқан ресейлік балуан Поддубныймен бірге жүріп күресетін.



Әсіресе Поддубный ертелі-кеш қасынан шықпайды. Ол әркез:



– деп риза көңілмен таңырқап сұрап қояды.



# Тарихи деректер



**Қажымұқан Мұңайтпасов** – қазақ тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Тарихи деректерге сүйенсек ол 1871 жылғы 7 сәуірде Ақмола уезі, Қараөткел ауылында дүниеге келген (кей зерттеулерде оның 1886 жылы туғандығы айтылады). Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 54 мемлекетте күреске түсіп, 48 медаль олжалаған.



**Иван Поддубный** – орыс палуаны, күрес тарихындағы ең ұлы балуандардың бірі ретінде танылған. Ол 1871 жылы 8 қыркүйекте туған және күрес спортында бірнеше рет өлем чемпионы атағын жеңіп алған. Қажымұқан мен Поддубный арасындағы достық XX ғасырдың басында, екеуі де күрес спортында жарқыраған кезде орнады. Олар бір-біріне қарсы шыққан бірнеше ірі жарыстарда кездескен, бірақ осы кездесулер достық пен өзара құрметке ұласқан.

